| ҮК | Қазақ тілі 12,14.12.2023 |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Балаларға түстер атауы үйрету. Ойыншықтар мен кубиктер арқылы түстерді ажыратуға үйрету. «Кім жылдам» ойын арқылы кімнің жақсы көретін түсін айтқызу, сол түстегі бір ойыншықты табуға үйрету, ойын арқылы жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Сөздер: Ақ, көк, қара, жасыл, сары, қызыл.** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, кубиктер |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! |
| **Ұйымдастыру-ізденушілік** | Балалармен түстер туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен түстер туралы әңгімелесеміз.<br>Өткен тақырыпта үйренген сөздерін естеріне түсіру.Дидактикалық ойын: **«Дұрыс қайтала, көрсет»**.Қима материалдағы суреттер арқылы Астана қаласының көрікті жерлерін айтады.<br>**Тақпақ оқиды.**<br>Добым, добым, домалақ,<br>Қайда кеттің домалап?<br>Тепсең болды секіріп,<br>Ұстатпайсың, қашасың.<br>—Тақпақ не туралы?<br>—Доп туралы.<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.** Педагог түстерді айтып,түске байланыстырып, доптарды көрсетеді.<br>—Мынау – қызыл доп. Мынау доптың түсі қандай?<br>—Мынау – қызыл доп.<br>—Мынау – көк доп.<br>—Мынау доптың түсі қандай? Мынау – көк доп. Мынау – сары доп. Мынау доптың түсі қандай? Мынау – сары доп.<br>—Мынау – жасыл доп.<br>—Мынау доптың түсі қандай?<br>-Мынау – жасыл доп.<br>Балалар жеке-жеке және хормен қайталайды: қызыл – красный, жасыл – зеленый, сары – желтый, көк – синий,доп-мяч.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Қ-Қ-Қ – ҚЫ-ЗЫЛ – ҚЫЗЫЛ. Ө-Ө-Ө – КӨК<br>.**Сергіту сәті.**Арасында гүлдің<br>Ойнап бүгін жүрдім.<br>Қызыл, жасыл, сары, көк<br>–Әп-әдемі бәрі.<br>**Сөздік ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».** Балалардың естесақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту мақсатындақима суреттер көрсетіледі, балалар оларды атайды.<br>— Мынау – қызыл түс. Мынау – жасыл түс. Алманың түсі қызыл. Жапырақтың түсі жасыл Мынау – көк түс..<br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылдам».**<br>— Қызыл түсті үлкен алманы ал."<br>— Жасыл түсті жапырақты досыңа бер.<br>— Көк түсті кіші мәшинені алып кел.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>Доптардың түстерін ата, жалғастырып боя. Педагог тапсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды. |

**Тексерілді : 12.12.2023 ж**

Әдіскер: А.Ж.Жумашева